


	Бегалиева С.Б., Оралбекова А.К. Ғылым неден басталады? Ғылыми зерттеу әдістері және академиялық хат. 10-15 жас аралығындағы балаларға арналған оқу құралы. - Тараз: ИП «Сайдуллаев и Компания», 2025 – 186 б. ISBN 978-601-08-5465-9
	Бұл оқу құралы оқырманды ғылымның негіздерімен таныстырып қана қоймай, ізденіс пен зерттеудің шынайы қуатын ашуға бағыттайды. Ғылым – тек дерек пен мәліметтер жиынтығы емес, ол – ойлау мәдениеті, шындыққа ұмтылу жолындағы табандылық пен адалдық. Жас ұрпақтың бойында танымдық қызығушылықты арттыру, жаңа сұрақтар қоюға талпындыру – бүгінгі күннің басты талабы. Осы кітаптағы мәліметтер мен тапсырмалар жас ғалымдарға өз бетінше ізденуге, тәжірибе жасауға және нәтижелерін сараптауға үйретеді. Оқу құралы AP23489121 «Мектеп-университет» бірлескен ортасы: Digital Humanities тұжырымдамасы аясында ғылыми жобаларды жүзеге асыру» атты 2024-2026 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру ғылыми жобасының аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігінің қолдауымен құрылған
	Умбеталиев Н.А.У 51 Қазақстан экономикасы: оқу құралы. – Шымкент: Әлем, 2016. – 192 бет. ISBN 978-9965-07-392-2
	Оқу құралында Қазақстан экономикасының ғылыми-тәжірибелік мәселелері қаралған. Қалыптастырудың экономикалық негіздері мен экономикадағы ресурстарды тиімді пайдалану толық баяндалған. Аграрлық сектордағы нарықтық қатынастарды дамытуға, кәсіпорындардың инвестициялық және инновациялық қызметіне, ресурстарды пайдаланудың экономикалық тиімділігіне ерекше назар аударылған. Бұл оқулықта мемлекеттің экономикадағы рөлі, заманауи кезеңдегі шаруашылық реформалары, сыртқы экономика қызметінің айрықша алатын орны тәрізді өзекті мәселелер кеңінен жазылған. Халықаралық экономикалық қатынастарды дамытудың қызметі мен заңдылықтарының негізгі принциптері және халықаралық экономикада туындайтын өзгерістер айқындалған. Еліміздің экономика саласының ғылыми және тәжірибелік қызметкерлеріне, жоғары оқу орындарының магистранттары мен студенттеріне арналған. году) дополнено новыми ма-териалами.

	Дайындаған: ғылым магистрі, аға оқытушы Тукенова Р.С. «Балалар әдебиетінің библиографиясы» пәнінен дәрістер жинағы.Шымкент.2025 6В03201 - «Кітапхана ісі» білім беру бағдарламасы студенттері үшін жұмыс оқу жоспары негізінде дайындалған. «Балалар әдебиетінің библиографиясы» пәнінен дәрістер жинағы. 6В03201 - «Кітапхана ісі» білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес құрастырылған және курстың дәрістерін өткізуге қажетті барлық материалдарды қамтиды. Дәрістер «Кітапхана ісі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттерге арналған.
	Айткулова Н.Ж. Білім берудегі инновациялық технологиялар. Оқу-әдістемелік құралы / – Алматы: "Отан" баспасы, 2026. – 108 б. ISBN 978-601-7860-14-1 Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құрал жоғары оқу орындарында жүзеге асырылатын барлық білім беру бағдарламалары бойынша білімді меңгеруге арналған. Онда оқытушылар мен студенттердің оқу-танымдық және ғылыми-зерттеу қызметінде тиімді пайдалана алатын теориялық әрі практикалық материалдар жүйелі түрде қамтылған. Аталған оқу құралы білім беру жүйесіндегі заманауи жаңашылдықтарды терең түсінуге, педагогикалық технологиялар мен инновациялық әдіс-тәсілдерді ғылыми-педагогикалық зерттеулерде нәтижелі қолдануға бағыт береді. Бұл оқу құралы жоғары оқу орны студенттеріне, педагогикалық саладағы мамандарға, мектеп мұғалімдеріне, сондай-ақ білім беру мәселелеріне қызығушылық танытатын кең оқырман қауымға арналып дайындалған. Тақырыптық мазмұны мен ғылыми негізді талдаулары оны оқу, зерттеу және тәжірибелік жұмыс барысында құнды әдістемелік құрал ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.


	Ғұнның құлы: Геза Гардони; қазақ тіліне ауд. – Астана: KANTAI Baspasy, 2025, 2 басылым. – 256 б. ISBN 978-601-06-9346-3 «Ғұнның құлы» оқиғасы, аты айтып тұрғандай, ұлы көші-конның әсерлі кезеңінде орын алады. Бұл кітапта Аттиланың римдіктерге қарсы жорықтарына атты жауынгер ретінде қатысқан, бірақ Каталония жазығындағы сұрапыл шайқаста жараланып бостандыққа шыққан жас грек құлының шытырман оқиғалары баяндалады. Бұл арада бізге көптеген тамаша құралдалған кейіпкерлермен бірге тарихи сахнаның артындағы өмір туралы бірталай мәліметтер үлкен дәлдікпен баяндалып, ұсынылады. Романтикалық сарындағы реалист Гардони мұнда мажар әдебиетінің сүйікті классикасын паш етті.
	М43 Шалбаева А.Р., Хан И.Ю., Умбеталиев Н.А., Рсалиев Б.Т. Международные экономические отношения Учебное пособие. Шымкент, 2014 год – 400 страниц ISBN 978-9965-20-174-5 В учебном пособии рассматриваются структура международных экономических отношений, механизм и специфика их реализации, основные тенденции и особенности их развития в наше время. Делается попытка увязать практику международных экономических отношений с процессами интеграции в них казахстанской экономики. В издании сочетаются новизна и результаты научных исследований с доступностью и полнотой учебного материала. Предназначено для студентов экономических специальностей, слушателей школ бизнеса, предпринимателей.



Үмбетәлиев А.Д. Қазақстанның экономикасын дамытуда инновациялық бағытты жүзеге асырудың ерекшеліктері. / Монография: Алматы. «Фортуна Полиграф» баспасы ЖШС. 2020. – 351 бет .ISBN 978-601-329-188-8



Монографияда егеменді еліміздің экономикасын индустриалды-инновациялық негізде дамыту жағдайында инновациялық қызметті жетілдірудің ғылыми шешімдерін қалыптастырудың және оны жүзеге асырудың іс-тәжірибелік мазмұны бойынша іс-шаралардың кешені қарастырылған.

Монографияда инновациялық үдерістердің қалыптасуы мен дамуының ғылыми-теориялық негіздері бір жүйеге келтіріліп, инновациялық қызмет аясының негіздері айқындалып, экономиканың салаларын дамытудың тәсілдері мен үлгілері айқындалған. Сонымен қатар аймақтың инвестициялық тартымдылығын бағалауға қажетті әдістемелік шешімдер ұсынылған.Ұсынылып отырған монография ЖОО-да экономикалық білім алып жатқан студенттерге, магистранттарға, докоранттарға, сонымен қатар инновациялық қызметпен айналысатын мамандарға және жалпы оқырман қауымға арналады.




А 39 Алаш ұлт-азаттық қозғалысын толық ақтау бойынша материалдар. Т. I. Алаш қозғалысы – қазақ ұлттық ренессансы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Құрастырушылар: С.А. Қасымов, С.А. Жүсіп, Д.А. Махат, Қ.К. Сәрсембіна / Жалпы редакциясын басқарған Е.А. Әбіл. – Алматы: «Нұр», 2024. – 456 б.

«Алаш қозғалысы – қазақ ұлттық ренессансы» деп аталған жинаққа – XX ғасырдың басынан 1917 жылғы Ақпан төңкерісіне дейін Қазақ даласында болған тарихи өзгерістер мен ұлттық интеллигенцияның қайраткерлеріне қатысты деректік материалдар енді. Қазақ ренессансы Шоқан, Ыбырай, Абай (Ибраһим) бастап, Алаш қозғалысы бастауында тұрған қазақ интеллигенциясының шығармашылығы мен қоғамдық-саяси қызметінде ренессанстық деңгейге көтерілді. Қайта өрлеу (ренессанс) құбылысының бастауы мен барысын ашатын құжаттар мен деректік материалдар жүйеленіп, зерттеліп, ғылыми-деректанулық талдау жасалып ұсынылды.«Алаш қозғалысы – қазақ ұлттық ренессансы» құжаттар мен деректік материалдар жас ұрпақты өткен тарихқа құрметпен қарауға, өз елін-жерін сүюге, еліміздің азаттығы жолындағы қаһармандарды құрметтеп, тәуелсіздікті бағалай білуге тәрбиелейді.Жинақ зерттеуші-мамандарға және жалпы оқырман қауымға арналған.


	Алаш ұлт-азаттық қозғалысын толық ақтау бойынша материалдар. Т. II. Қазақ съездері: халық еркі мен мүддесі. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1917 ж. – желтоқсан 1919 ж. Құрастырушылар: С.А. Қасымов, К.М. Илиясова / Жалпы редакциясын басқарған Е.А. Әбіл. – Алматы: «Нұр», 2024. – 368 б. Құжаттар мен материалдар жинағына Қазақ съездері туралы құнды деректер енгізілді. Жинаққа қазақ съездерін шақыру, ұйымдастыру жұмыстары, қазақ съездерінде қаралған билік түрі, жер, құрылтай жиналысы, автономия, әскер, ұлт қазынасы, сот, баспасөз, оқу, дін, әйел және т.б. мәселелер тұрғысындағы құжаттар топтастырылған. Қазақ съездерінің хаттамалары, қаулы-қарарлары мен шешімдері және өзге де құжаттар жүйеленді. Жинақта қазақ өкілдері қатысқан өзге ұлт өкілдерінің біріккен съездері мен аймақтық съездердің материалдары да қамтылды. Сондай-ақ, қазақ зиялыларының ой-пікірлері, ашық хаттары мен Алаш Орда үкіметінің атына жазылған ресми баяндау жазбалары да топтастырылды. Бұл жинақ әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласындағы мамандар мен Алаш қозғалысы тарихына қызығушы көпшілік қауымға арналған.
	Алаш ұлт-азаттық қозғалысын толық ақтау бойынша материалдар. Т. III. «Алаш» партиясы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Құрастырушылар: С.А. Қасымов, С.А. Жүсіп, Д.А. Махат, Д.Д. Сүлейменова, М.М. Қозыбаева, Қ.Қ. Сәрсембина / Жалпы редакциясын басқарған Е.А. Әбіл. – Алматы: «Нұр», 2024. – 352 б. Ұсынылып отырған жинақта «Алаш» партиясы туралы архив құжаттары топтастырылған. «Алаш» партиясы туралы архив құжаттары, сирек кітаптар мен қолжазбалар орталығынан алынған материалдар жинаққа ұсынылып отыр. Жинақта 1904–1905 жж. басталған саяси оқиғалар, яғни қазақ халқының демократияшыл зиялыларының азаттық жолындағы саяси ұйымдасуына қатысты құжаттар, сонымен қатар «Алаш» партиясының құрылуы, партия бағдарламасы, партия мүшелері, партия қызметіне қатысты құжаттар топтастырылған. Бұл жинақ гуманитарлық ғылым саласындағы мамандар мен Алаш қозғалысы тарихына қызығушы көпшілік қауымға арналған.

	Алаш ұлт-азаттық қозғалысын толық ақтау бойынша материалдар. Т. IV. Алашорда үкіметі және оның жергілікті басқару органдары. Құжаттар мен материалдар жинағы. Құрастырушылар: С.А. Қасымов, С.А. Жүсіп, Д.А. Махат, Ж.У. Қыдыралина, М.М. Қозыбаева, Қ.Қ. Сәрсембина / Жалпы редакциясын басқарған Е.А. Әбіл. – Алматы: «Нұр», 2024. – 464 б. Ұсынылып отырған жинақта Алашорда үкіметі және оның жергілікті басқару органдары туралы архив құжаттары топтастырылған. Алашорда үкіметі және оның жергілікті басқару органдарына қатысты құжаттар жүйеленіп, ғылыми-деректанулық сараптамадан өткізіліп, оқырманға ұсынылып отыр. Жинақта Алашорда үкіметі және оның жергілікті басқару органдарының қызметін дәйектейтін құжаттар ұсынылған. Бұл жинақ гуманитарлық ғылым саласындағы мамандар мен Алаш қозғалысы тарихына қызығушы көпшілік қауымға арналған.
	Алаш ұлт-азаттық қозғалысын толық ақтау бойынша материалдар. Т. V. Алаш Орда Үкіметінің Орталығы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Құрастырушылар: Б.Т. Мусин, М.И. Перебеева, Е.Е. Рахметуллин, М.Т. Исенова Л.К. Қадырова, А.Н. Мұсаханов, А.Е. Шалыгин, Т.А. Кариева / Жалпы редакциясын басқарған Е.А. Әбіл. – Алматы: «Нур», 2024. – 408 б. Жинақта ҚР Президенті архивінің, ҚР Орталық мемлекеттік архивінің (Алматы қ.), Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығының (Семей қ.) қорларында анықталған, орталығы Семей қ. болған 1920-шы жылдардағы Алаш Орда Үкіметі Орталығының тарихы бойынша құжаттар ұсынылған. Жинақта Алаш Орда Үкіметінің қызметі деректер негізінде көрсетілген. Басылым зерттеуші мамандарға және Қазақстан тарихының кеңестік кезеңіне қызығушылық танытатын оқырмандарға арналған.




Слабоосвещенные страницы из истории государственной деятельности ханов Абылая, Уали и Бокея / З.Е. Кабульдинов, Е.М. Торайгыров, Ж. Ошан, А.Р. Бейсембаева, А.С. Тылахметова. - Алматы: «Литера-М», 2025. - 312 с.
ISBN 978-601-82356-4-1

Монография посвящена всестороннему исследованию малоизученных аспектов государственной деятельности казахских ханов XVIII-XX веков - Абылая, Уали и Бокея. В российских архивных фондах сохранились ценные сведения о различных вопросах взаимоотношений между Казахским ханством и Российской империей. Настоящая монография представляет собой научный труд, основанный на исследовании архивных документов, связанных с жизнью и государственной деятельностью ханов Абылая, Уали и Бокея.
Монография предназначена для историков, сотрудников научно-исследовательских институтов, преподавателей и студентов высших учебных заведений, магистрантов, докторантов, а также для широкого круга читателей, интересующихся отечественной историей.




Халел Аргынбаев.Избранные труды в трех томах. Т. 1. Ранние труды по исторической этнографии казахов, этнокультурным связям, животноводству (конец 1950-х — 1-я половина 1970-х гг.) / Под общ. ред. С.Е. Ажигали (гл. ред.). Ред. колл.: А.Т. Абдулина (отв. ред.-сост.), Д.А. Черниенко и др. - Алматы, 2024. - 544 с.

Настоящая книга является первым томом избранных трудов крупнейшего казахского этнографа, ведущего представителя казахской этнографической школы 2-й половины XX в. Халела Аргынбаевича Аргынбаева. В издании, которое приурочено к 100-летнему юбилею ученого, его труды впервые целиком издаются на русском языке (в том числе в переводе многих из них с казахского языка), что делает их доступными более широкому кругу читателей и специалистов. В том включены ранние работы из творческого наследия Х.А. Аргынбаева по историко-культурным связям казахов и русских, традиционному скотоводству, народной ветеринарии и другим проблемам (по материалам научных экспедиций), написанные в 1959-1975 гг. Издание рассчитано на весьма обширную читательскую аудиторию, а также специалистов:этнологов, историков, этноархеологов, культурологов, музейных работников и др.




Жетісу өңіріндегі Алаш қозғалысы: тарихы, жеке тұлғалары / Ұжымдық монография / Авторлар: Мұхатова О.Х., Мұқанова Г.К., Ильясова К.М., Тілеубаев Ш.Б., Оразов Р.Е., Белоус С.Г., Қоңқабаева А.Н. – Алматы: ЖШС «Литера-М», 2024. – 320 б.
ISBN 978-601-81054-5-6

Ұжымдық монографияда Жетісу өңіріндегі Алаш қозғалысының тарихы, Алаш қозғалысына атсалысқан жетісулық қазақ және қырғыз зиялыларының өмірі мен қызметі, олардың XX ғасырдың басындағы қалыптасқан әлеуметтік-саяси жағдайларға байланысты бірлескен әрекеті, 1916 жылғы көтеріліс, 1917 жылғы қоғамдық-саяси өзгерістер тұсындағы, Азамат соғысы кезеңіндегі ұстанымы мен қызметі, ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы қайраткерліктері тың тарихи деректер негізінде баяндалады. Кітап мамандарға, жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарына, докторанттарына және Отан тарихына қызығушылық танытқан оқырмандарға арналған.



СТРУКТУРЫ УПРАВЛЕНИЯ КАЗАХАМИ ЗАПАДНОЙ СИБИРИ (конец XVIII в. - XIX в.). Сборник документов /Составители:Б.С. Абенова, Д.К. Абенов, Г.Б. Купенова, К.А. Саркенова. - Алматы:«Нурлы Элем», 2025. - 552 с.ISBN 978-601-205-837-6

В настоящем Сборнике представлены архивные документы и материалы по истории введения в Западной Сибири российской системы административно-территориального управления в XIX веке. В архивных материалах содержатся приказы, указы, годовые отчеты, секретные письма различных министерств и учреждений, генерал-губернаторов, военных губернаторов, донесения и рапорты военных начальников, деловой переписки чиновников местной администрации, мнения начальников края по разработке положений по управлению казахами, материалы Степной комиссии, а также административные реформы 1822, 1824, 1838, 1844, 1868, 1886 и 1891 годов. Документы выявлены из фондов Центрального государственного архива РК, Государственного архива РФ, Российского государственного военно-исторического архива, Исторического архива Омской области.
Настоящее издание рассчитано на ученых-историков, докторантов, магистрантов и на широкий круг представителей общественности, интересующихся историей Казахстана.



Абулқасым Абдулла бин Мұхаммед әл-Кашани. ТАРИХ-Е ОЛДЖАЙТУ (ОЛЖАЙТУ ТАРИХЫ) Билеуші Саид Ғияс ад-Дуния уа ад-Диннің тарихы Сұлтан Мұхаммед Тайбу Алла / Редакциялаған және баспаға даярлаған Ж.Ж. Жеңіс. – Алматы: «Радуга», 2024. – 296 б.

XIV ғ. парсы тарихшысы әл-Кашанидің «Тарих-э Олджайту» еңбегі Иран мен Ираста салтанат құрған Шыңғыс хан империясының бесінші Ұлысы саналатын елхан-хулагулер мемлекетінің билеушілері, атап айтқанда, Олжайту сұлтанның өмірі мен қызметі, елхандардың Жошы Ұлысымен қарым-қатынасы баяндалады.



Кітап гуманитарлық ғылымдар саласындағы мамандарға, жоғарғы оқу орындарының студенттері мен магистранттарына, оқытушылар қауымына, сондай-ақ, қызығушылық танытқан көпшілік қауымға арналған.






XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан қалалары әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде: этно-демографиялық және әлеуметтік-мәдени дамуы= Города Казахстана в 20-30-х гг. XX века как социокультурный феномен: этно-демографическое и социально-культурное развитие: Архив құжат. мен мат. жинағы = Сб. архивных док. и мат. / Құраст. А.С. Уалтаева, К.В. Черепанов, А.И. Құдайбергенова, Г.А. Омарова, А.С. Марғұлан. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2025. – 400 б. (қазақ, орыс).
ISBN 978-601-205-844-4



Бұл жинаққа енген құжаттар Қазақстан Республикасының орталық, облыстық және қалалық архив қорларынан, сондай-ақ шетелдік архив мекемелерінен алынған. Құжаттардың елеулі бөлігі алғаш рет ғылыми айналымға енгізіліп отыр.Жинақ тарихшы мамандарға, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, докторанттарға, магистранттар мен студенттерге, сондай-ақ Қазақстан тарихына қызығушылық танытатын оқырмандарға арналған.Документы, вошедшие в этот сборник, получены из центральных, областных и городских архивных фондов Республики Казахстан, а также из зарубежных архивных учреждений. Значительная часть документов впервые вводится в научный оборот.

Сборник рассчитан на специалистов-историков, преподавателей вузов, докторантов, магистрантов и студентов, а также на широкий круг читателей, интересующихся историей Казахстана.

	1931–1933 жылдардағы ашаршылық: Павлодар облысындағы нәубет куәгерлері мен ұрпақтарының естеліктері (сұхбат материалдарының жинағы).* Көптомдық. IX том. / Құрастырушылар: Б.Б. Бұрханов, Н.А. Досымбетов, С.Н. Мамытова. – Алматы: «Радуга», 2025. – 328 б. Бұл жинақта 1931–1933 жылдарда Павлодар облысында ашаршылықтан зардап шеккен куәгерлер мен олардың ұрпақтарының естеліктері мен сұхбаттарының материалдары ұсынылған. Жинақ материалдары жоба барысында алынған сұхбат мәтіндерін, естеліктерді және ой толғауларды қамтиды. Жеке тектік деректердің басым бөлігі тұңғыш рет ғылыми айналымға енгізіліп отыр. Халық жадында сақталған естеліктер ашаршылықтың тарихын жаңғыртып, жергілікті тұрғындардың қасіретті тағдырын баяндайды. Басылым зерттеуші мамандарға және ел тарихына қызығушылық танытатын қалың оқырман қауымға арналады.
	1931–1933 жылдардағы ашаршылық: Қызылорда облысы бойынша нәубет куәгерлері мен ұрпақтарының естеліктері (сұхбат материалдарының жинағы).Көптомдық. X том. / Құрастырушылар: А.И. Құдайбергенова, У. Ибраев. – Алматы: «Радуга», 2025. – 304 б. Бұл жинақта 1931–1933 жылдарда Қызылорда облысында ашаршылықтан зардап шеккен куәгерлер мен олардың ұрпақтарының сұхбаттары және естелік материалдары ұсынылған. Жинақ материалдары жоба барысында алынған сұхбат мәтіндерін, естеліктерді, ой толғауларды қамтиды. Жеке тектік деректердің басым бөлігі тұңғыш рет ғылыми айналымға енгізіліп отыр. Жадта сақталған естеліктер ашаршылықтың тарихын жаңғыртып, жергілікті тұрғындардың қасіретті тағдырын баяндайды. Басылым зерттеуші мамандарға және ел тарихына қызығушылық танытатын қалың оқырман қауымға арналады

	1931–1933 жылдардағы ашаршылық: Атырау облысы бойынша нәубет куәгерлері мен ұрпақтарының естеліктері (сұхбат материалдарының жинағы). VIII том. / Құрастырушылар: З.Б. Байжуманова, Қ.М. Мырзаходжаев, С. Қуанышев. – Алматы: «Радуга», 2025. – 320 б.
	Бұл жинақта 1931–1933 жылдарда Атырау облысында ашаршылықтан зардап шеккен куәгерлер мен олардың ұрпақтарының сұхбаттары және естелік материалдары ұсынылған. Жинақ материалдары жоба барысында алынған сұхбат мәтіндерін, естеліктерді, ой толғауларды қамтиды. Жеке тектік деректердің басым бөлігі тұңғыш рет ғылыми айналымға енгізіліп отыр. Жадта сақталған естеліктер ашаршылықтың тарихын жаңғыртып, жергілікті тұрғындардың қасіретті тағдырын баяндайды. Басылым зерттеуші мамандарға және советтік Қазақстан тарихына қызығушылық танытатын қалың оқырман қауымға арналады.
	Абдулина А.Т. Этносоциология Казахстана и сельское население Жетысу: на изломе советской эпохи и становления независимости / Монография. – Алматы: ИП «Мадияр», 2024. – 584 с.ISBN 978-601-81052-9-6
	В монографии нашли отражение проблемы методологии и методов этносоциологических исследований в советской, зарубежной и казахстанской науке; история становления в Казахстане нового направления этнологической науки – этносоциологических исследований, проводившихся с 1970-х годов. В период независимости на основе анализа Национальных переписей РК и данных текущей статистики раскрыты новые тенденции этнодемографических, брачно-семейных, миграционных и социальных процессов в среде городского и сельского населения Казахстана; показаны особенности этнокультурных, этноконфессиональных процессов, характеризующихся возрождением религиозности и традиционной обрядности, дан анализ межэтническим отношениям. В заключительной части монографии даны результаты исследования этнокультурных процессов в среде сельского населения Жетысу на основе этносоциологического опроса, проводившегося учеными академического отдела этнографии и антропологии в последние годы существования СССР, а также раскрыты некоторые аспекты культуры и быта сельчан этого региона в Республике Казахстан. Издание адресовано широкому кругу читателей.

	Из истории борьбы с детской беспризорностью в Казахстане и сопредельных И 32странах в 1920-1930-е гг.: сборник архивных документов и материалов / Сост:Каипбаева А.Т., Козыбаева М.М., Мухатова О.Х., Байжуманова З.Б., Бекенова А.А. -Алматы: ИП «Балауса», 2025. -656 с.ISBN 978-601-82356-5-8 В издании представлены архивные документы и материалы, освещающие мероприятия по ликвидации детской беспризорности и безнадзорности в Казахстане и на территории сопредельных стран в 1920-1930-е гг. Источниковой базой послужили редкие архивные документы и материалы, выявленные в центральных и региональных архивах Республики Казахстан (ЦГА РК, ЦГА КФДЗ РК, АП РК, архивы некоторых областей и городов), а также в фондах ряда зарубежных архивов на территории сопредельных стран - России, Узбекистана, Кыргызстана, Таджикистана и др.Сборник рассчитан на специалистов-историков, преподавателей вузов, докторан-тов, магистрантов и студентов, а также на широкий круг читателей, интересующихся историей Казахстана.
	ХХ ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫ.Ұжымдық монография. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2025. – 288 б. (қазақ, орыс). ГОРОДА КАЗАХСТАНА В 20-30-Е ГОДЫ XX ВЕКА. Коллективная монография. – Алматы: Нурлы Алем, 2025. – 288 с. (казахский, русский).ISBN 978-601-205-843-7 Монография зерттеушілер тобының үш жылдық еңбегінің нәтижесі болып табылады, Қазақстан қалаларының ауыр да күрделі 1920-1930 жылдардағы өмірі мен дамуы мәселелеріне арналған. Архивтік құжаттар, статистикалық материалдар негізінде дайындалды, олардың кейбірі алғаш рет ғылыми айналымға енгізіліп отыр. Қазақстан қалаларының қалыптасуы мен өркендеуі, экономикалық және этно-демографиялық жағдайы, әлеуметтік-мәдени ахуалы талданды.Монография является результатом трехлетнего исследования, посвящена проблемам развития городов Казахстана в тяжелые и сложные 1920-1930-е годы. Подготовлена на основе архивных документов, статистических материалов, некоторые из которых впервые вводятся в научный оборот. Проанализированы становление и развитие городов Казахстана, экономическая, этно-демографическая ситуация, социально-культурное развитие.

	XVIII ғ. – XX ғ. басындағы қазақ батырлары. Ғылыми мақалалар және энциклопедиялық материалдар.* / Құраст.: Р.Е. Оразов, Н.Ы. Жетпісбай, Ғ.А. Шотанова, А.Д. Арепова, В. Сирик, С. Жұматай, Е. Сауырқан, С. Сүлеймен – Алматы: «Рамис», 2025. – 432 б. Жинақта XVIII ғ. – XX ғ. басындағы (1916 ж.) қазақ батырларының еркіндік жолындағы жанкешті күресі, жауынгерлік ерлігі мен әскери-соғыс мәселелері, олардың қазақ халқының саяси-әлеуметтік өміріндегі рөлі айқындалған. Жинақтағы мақалалар мен энциклопедиялық материалдар мазмұнына авторлар жауапты. Бұл еңбек тарихшы мамандарға, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, докторанттарға, магистранттар мен студенттерге, сондай-ақ Қазақстан тарихына қызығушылық танытатын оқырмандарға арналған.
	Ошан Ж. V–X ғасырлардағы түрік тайпаларының қалыптасу үдерісі: тарихи деректанулық талдау / Монография. – Алматы: «Мадияр», – 2024. – 256 б. Монография көне тарихи әдебиеттерде сақталған деректер кешеніне деректанулық зерттеу жүргізу негізінде жазылды. Зерттеу тақырыбының тарихнамасы мен материалдардың теориялық-методологиялық негіздеріне шолу жасалды. V–X ғасырлардағы түрік тайпаларының қалыптасу үдерісі нақты тарихи деректермен көрсетілді. Сонымен қатар, V–X ғасырларда өмір сүрген түрік тілді тайпалардың қазақтың этнотерриториясы мен этникалық қалыптасу тарихындағы орны мен рөлін айқындайды. Ғылыми еңбек тарихшы мамандарға, ҒЗИ қызметкерлеріне, ЖОО оқытушылары мен студенттеріне, магистранттар мен докторанттарға және төл тарихымызға қызығушылық танытатын көпшілік оқырман қауымға арналады.



Рысбаева С.Ж., Апашева С.Н.
Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру: міндеттері мен тетіктері. Монография. – Шымкент: GOLDYES, 2025. – 137 б.
ISBN 978-601-82313-3-9

Монографияда еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің теориялық негіздері, заңнамалық механизмдері мен тиімді тәсілдері жан-жақты қарастырылған.
Зерттеу қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік көзқарасын қалыптастырудың маңызына басымдық жасай отырып, жүзеге асыру тетіктерін ұсынған.
Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда білім беру мен тәрбие жұмыстарының, БАҚ пен үкіметтік емес ұйымдардың рөлі кеңінен талданған. Халықаралық тәжірибелерге талдау жасалып, оларды ұлттық ерекшеліктерге бейімдей отырып қолдану жолдары зерттелген.
Монография мемлекеттік қызметкерлерге, құқық қорғау органдарының мамандарына, білім беру саласының қызметкерлері мен жалпы жұртшылыққа арналған.
Еңбектің маңыздылығы азаматтық сана мен құқықтық мәдениетті арттыру арқылы ашық, әділетті қоғам құруға бағытталған.



Б.А.Аяпова, Қ.Ш.Алимова, А.К.Мамбеталиева, Архабаева А.К.«Мектепке дейінгі мекемелерде көркем еңбекті оқыту әдістемесі» оқу құралы.
Шымкент, «Әлем» баспаханасы, 2026. – 195 бет.
ISBN 978-601-392-007-8


Оқу құралы мектепке дейінгі мекемелердегі көркем еңбекке баулу процесінің мазмұны мен әдістемелік негіздерін жан-жақты қамтиды. Онда балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған көркем еңбек түрлері (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру және т.б.) мен оларды тиімді ұйымдастыру жолдары қарастырылады. Оқу құралы мектепке дейінгі тәрбиешілер мен болашақ педагог мамандарға көркем еңбек сабақтарын жоспарлау, әдістерін таңдау және балалардың жас ерекшеліктеріне сай оқытуда көмекші құрал бола алады. Сондай-ақ, шығармашылық орта қалыптастыру, балалардың эстетикалық талғамын арттыру мен ұсақ қол моторикасын дамытуға бағытталған тәжірибелік тапсырмалар мен әдістемелік нұсқаулар ұсынылған.
Оқу құралы педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттеріне, тәрбиешілерге және мектепке дейінгі білім беру саласындағы мамандарға арналған.

	Тукенова Р.С. “Кітапханашының ақпараттық мәдениеті мен кәсіби этикасы” пәнінен дәрістер жинағы. 6В03201 - “Кітапхана ісі” білім беру бағдарламасы студенттері үшін жұмыс оқу жоспары негізінде дайындалған. –Шымкент, «Жұмабек Ташенев атындағы университет» АҚ, 2026 ж. – 128 бет.
	“Кітапханашының ақпараттық мәдениеті мен кәсіби этикасы” пәнінен дәрістер жинағы. 6В03201 - “Кітапхана ісі” білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес құрастырылған және курстың дәрістерін өткізуге қажетті барлық материалдарды қамтиды. Дәрістер “Кітапхана ісі” білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттерге арналған.
	Қазақстан Республикасының кітапхана ісіне байланысты нормативтік-құқықтық құжаттар жинағы = Сборник нормативно-правовых документов по библиотечному делу Республики Казахстан / 18 – шығарылым, 1-бөлім / ҚР Ұлттық кітапханасы; құрастырған : Р.К. Мыспаева ; редактор : Г.М. Маханбетова ; жауапты редактор : А.Х. Юсупова. - Алматы, 2024. - 464 бет.




Умбиталиев А.Д. Приоритеты развития и механизмы управления агропромышленным комплексом в контексте обеспечения продовольственной безопасности Республики Казахстан / Монография. - Шымкент, издательства «Элем», 2014.- 200 стр.
ISBN 978-9965-20-158-5

Последствия перехода Казахстана к рыночной экономике открытого типа легли тяжелым бременем для ряда отраслей экономики, в особенности сельского хозяйства. В условиях либерализации внешней торговли импортная экспансия привела к вытеснению с рынка отечественных производителей, что отрицательно сказалось на продовольственной безопасности страны. Для студентов и преподавателей экономических факультетов университетов и других высших учебных заведений, слушателей бизнес-школ, сотрудников государственных экономических ведомств, всех, кто интересуется проблемами агропромышленного комплекса в целом и сельского хозяйства в частности.




Үмбетәлиев А.Д., Байнеева П.Т., Альжанова А.А.Кәсіпкерлік: Экономикалық мамандықтағы студенттерге арналған оқулық – «Әлем»: Шымкент, 2016. - 376 бет.
ISBN 978-9965-876-68-4

Оқулықта кәсіпкерліктің мәні, оның түрлері, үлгілері, қасиеті және қызметі, кәсіпкерлік іс-әрекет тұлғалары, ұйымдастырушылық-құқықтық формалары және кәсіпкерлік орта сипатталады. Өз ісін құрудың тетіктері, бизнес-жоспар мазмұндалады, кәсіпкерлік тәуекелділік пен кәсіпкерлік құпия және кәсіпкерлік мәдениет, салық салу жүйесі, кәсіпкерлердің жауапкершілігі, олардың іс-әрекетін тоқтату және экономикалық дауларды қарастыру жөнінде айтылады.
Оқулық жоғары оқу орындарының студенттеріне, оқытушыларға, коммерциялық ұйымдардың жетекшілеріне, жеке кә





УЕЗДНЫЕ УПРАВЛЕНИЯ СТЕПНЫХ ОБЛАСТЕЙ КАЗАХСТАНА В РЕАЛИЗАЦИИ КОЛОНИАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ САМОДЕРЖАВИЯ (вторая половина XIX – начало XX века). Документы и материалы/Сост.: Садвокасова З.Т., Кабульдинов З.Е., Муканова Г.К., Ахметжанова А.Т. – Алматы: «Нұрлы Әлем», 2025. – 408 с.
ISBN 978-601-205-845-1



В издании представлены архивные документы, выявленные в фондах отечественных и зарубежных архивов, а также материалы, обнаруженные в отделах редких книг и рукописей, периодических изданиях национальных библиотек Республики Казахстан и Российской Федерации. Целью выявления, верификации и систематизации документов и материалов второй половины XIX – начала XX века было воссоздание генезиса и аспектов уездного управления степных областей Казахстана, на фоне социально-политических и экономических процессов. Сборник рассчитан на специалистов-историков, преподавателей истории средних учебных заведений и ВУЗов, докторантов, магистрантов и студентов, широкую общественность.





Үмбетәлиев А.Д.Кәсіпорын экономикасы: Оқулық / А.Д. Үмбетәлиев, Ғ.Е. Керімбек, К.Б. Сатымбекова / Алматы: «Фортуна Полиграф» баспасы ЖШС, 2021. – 372 бет.
978-601-329-195-6

Оқулықта кәсіпорынның экономикасы және оның негізгі факторлары, кәсіпкерлік қызмет және оның түрлері, кәсіпкерлік қызметтің ұйымдық-құқықтық нысандары, ЖШС мен АҚ және ӨК қызметтері және оларды құру, басқару, қайта ұйымдастыру мен тарату тәртібі, кәсіпорынның үлкен және шағын ортасы, сыртқы және ішкі ортасы, кәсіпорынның негізгі және айналым капиталы, кадр саясаты, жалақы жүйесі, кәсіпорын шығындары мен өнімнің өзіндік құны, табыс және кірістілік көрсеткіштері, өндіріс құрылымы мен типтері, кәсіпорынның қаржысы, қаржылық ресурстары мен инвестициялық қызметі, экономикалық қорлары, бизнес жоспар және оның бөлімдері, кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі, тауар саясаты, баға стратегиясы мен түрлері, басқару органдарының құрылымы мен қызметі, банкроттық және кәсіпорын қызметін тоқтату себептерінің мәселелері жан-жақты баяндалған.
Бұл оқулық ЖОО-ның студенттеріне, магистранттарына, докоранттарына, оқытушыларына және жалпы оқырман қауымға арналған..

	Алаш ұлт-азаттық қозғалысын толық ақтау бойынша материалдар. Т. XI. «Алаш» және түрік халықтарының азаттық үшін күресі. Құжаттар мен материалдар жинағы. Құрастырушылар: С.А. Қасымов, Ә. Қара, З.К. Курманов, Т. Бекбуди, Д.А. Махат, С.А. Жүсіп, Қ.Қ. Сәрсембина, Г.К. Муканова, А.Т. Сулейменова, М.М. Козыбаева / Жалпы редакциясын басқарған Е.А. Әбіл. – Алматы: «Нур», 2024. – 352 б.
	«Алаш» және түрік халықтарының азаттық үшін күресі құжаттар мен материалдар жинағы – Алаш қозғалысы мен түрік халықтарының азаттық жолындағы күресі мәселесіне қатысты деректерді жүйелеп, талдап, зерделеп, оқырманға ұсынып отырған алғашқы жинақ. Қазақ, башқұрт, қырғыз және т.б. түрік бауырлас халықтарының ел мен жерді отаршылықтан азат ету жолындағы, әсіресе, Құрастырушы авторлар ұжымы жинақты дайындауда Алаш қозғалысының Орталық Азия аумағында таралуын, Алаш қозғалысының Орталық Азиядағы тарихи рөлін, маңыздылығын дәйектейтін, Алаш қозғалысына бауырлас түрік халықтарының белсене қатысқанын көрсететін құжаттарды жүйелеп көрсетуді мақсат етті.Бұл жинақ гуманитарлық ғылым саласындағы мамандар мен түрік халықтарының тарихына қызығушылық білдіретін көпшілік қауымға арналған.
	Алаш ұлт-азаттық қозғалысын толық ақтау бойынша материалдар. Т. X. «Қазақстандағы Кіші Қазан қасіреті». Құжаттар мен материалдар жинағы. Құрастырушылар: С.А. Қасымов, Д.А. Махат, Қ.Қ. Сәрсембина, Т.Е. Есмаханов / Жалпы редакциясын басқарған Е.А. Әбіл. – Алматы: «Нур», 2024. – 424 б.
	Жинақта Ф. Голощекиннің халыққа қарсы бағытталған «Қазақстандағы Кіші қазан» саясатын дәйектейтін архив құжаттары мен сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынған материалдар топтастырылған. «Қазақстандағы Кіші Қазан» қасіреті» құжаттар мен материалдар жинағында 1920-1930 жж. халықтың мүддесіне қарсы жүргізілген саяси-экономикалық науқандардың қасіретті салдарын дәлелдейтін деректер жинақталған. Ф. Голощекин және оның командасының «Қазақстандағы Кіші қазан» саясатын жүргізуге бағытталған шараларды іске асыру жөніндегі сөйлеген сөздері, мақалалары, еңбектерінен жинақ мазмұнына сай материалдар енгізілген.Жинаққа енген құжаттар мен материалдар «Қазақстандағы Кіші қазан» қасіреті мен оның кең көлемдегі ауыр салдарын дәлелдейді. Жинақ зерттеуші-мамандарға және жалпы оқырман қауымға арналған.

	Алаш ұлт-азаттық қозғалысын толық ақтау бойынша материалдар. Т. IX. 2- кітап. «Алаш» және большевиктік-коммунистік билік. Құжаттар мен материалдар жинағы. Құрастырушылар: С.А. Қасымов, Д.А. Махат, Қ.Қ. Сәрсембина, Д.Д. Сүлейменова / Жалпы редакциясын басқарған Е.А. Әбіл. – Алматы: «Нур», 2024. – 424 б. Ұсынылып отырған жинақта большевиктік-коммунистік биліктің «Алаш» партиясы мен Алаш Орда үкіметіне жақтас, ниеттес тұлғаларға қарсы бағытталған қуғын-сүргін саясатына қатысты архив құжаттары топтастырылған.«Алаш» және большевиктік-коммунистік билік» құжаттар мен материалдар жинағы құжаттық негізде тұңғыш рет жеке жарияланып отыр. Жинаққа ҚР ПА, ҚР ОМА, ҚР ІІМ, ҰҚК, Бас прокурарасының арнайы архивтерінен алынған деректер енгізілген. Сонымен қатар, облыстық, аудандық архивтерден алынған бұрын соңды ғылыми айналымға түспеген тың деректер де топтастырылған.Ұсынылып отырған жинақ бүгінгі жас ұрпақты тәуелсіздік үшін күрескен тұлғаларды танып-білуге, өткен тарихқа құрметпен қарауға және Отаншыл, мемлекетшіл санамен тәрбиелеуге үлес қосады. Жинақ зерттеуші-мамандарға және жалпы оқырман қауымға арналған..
	Алаш ұлт-азаттық қозғалысын толық ақтау бойынша материалдар. Т. VIII. 1-ші кітап. «Алаш» және большевиктік-коммунистік билік. Құжаттар мен материалдар жинағы. Құрастырушылар: С.А. Қасымов, С.А. Жүсіп, Д.А. Махат, Қ.Қ. Сәрсембина, Д.Д. Сулейменова, Г.Қ. Муканова /Жалпы редакциясын басқарған Е.А. Әбіл. – Алматы: «Нур», 2024. – 448 б. «Алаш» және большевиктік-коммунистік билік» құжаттар мен материалдар жинағы құжаттық негізде тұңғыш рет жеке жарияланып отыр. Жинаққа ҚР ПА, ҚР ОМА, ҚР ІІМ, ҰҚК, Бас прокуратурасының арнайы архивтерінен алынған деректер енгізілген. Сонымен қатар, облыстық, аудандық архивтерден алынған бұрын соңды ғылыми айналымға түспеген тың деректер де топтастырылған.Жинақта Алаш қозғалысы мен Алаш Орда үкіметінің кеңестік билікке қатысты ұстанымы мен саясатын дәйектейтін архив құжаттары, сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынған материалдар енгізілген. Құжаттар мен материалдар жинағы тәуелсіздік үшін күрескен тұлғаларды танып-біліп, төл тарихымызға құрметпен қарап, азаттықтың қадірін білуге және жастарды Отаншыл, мемлекетшіл санамен тәрбиелеуге жетелейді.Жинақ зерттеуші мамандарға және жалпы оқырман қауымға арналған.

	Алаш ұлт-азаттық қозғалысын толық ақтау бойынша материалдар. Т. VII. Алаш Орданың Оңтүстік бөлімі. Құжаттар мен материалдар жинағы. Құрастырушылар: Х. Тұрсұн, Р. Хазретәліқызы, Р.А. Арслонзода / Жалпы редакциясын басқарған Е.А. Әбіл. – Алматы: «Нур», 2024. – 432 б. Жинақта Алаш Орданың Оңтүстік бөлімі тарихы бойынша архив құжаттары мен материалдар жинақталған. Жинақ құжаттық негізде тұңғыш рет жеке жарияланып отыр. Жинаққа Алаштық идеяға қызмет еткен тұлғаларға қатысты Отандық және шетелдік архивтер қорларынан жинақталған құжаттар мен баспасөз материалдары топтастырылған. Сонымен бірге оңтүстік өңірдегі XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалысқа тың серпін беріп, ұлттық, территориялық бірлік идеясын іске асырудағы зиялылардың қоғамдық-саяси және шығармашылық қызметі мен саяси қуғын сүргінге ұшырауын айғақтайтын құжаттар жүйеленіп, ғылыми айналымға ұсынылды. Басылым зерттеуші мамандарға және кеңестік кезеңнің отандық тарихына қызығушылық танытатын оқырмандардың кең ауқымына арналған.
	**«XIX–XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕМДІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҚ МЕДИЦИНАСЫНЫҢ ТАРИХЫ»** атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. Құрастырушылар: Г.Қ. Мұқанова, З.Б. Байжуманова. – Алматы: «Нұрлы Әлем», 2025. – 224 б. Бұл жинақта «XIX–XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы емдік және халықтық медицинасының тарихы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысқан авторлардың мақалалары ұсынылған. Жинақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ЖТН AP26197075 «XIX–XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы емдік және халықтық медицинасының тарихы» гранттық жобасын жүзеге асыру аясында жасалды. Қазақстандағы емшілік пен халық медицинасы тарихының өзекті мәселелерін жаңа методологиялық тұрғыдан қарастыруда аталған конференция жинағының алатын орны ерекше.Жинақ гуманитарлық ғылымдар саласындағы мамандарға, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, жас ғалымдарға, сондай-ақ көпшілік қауымға арналған.

	Жаппай күштеп отырықшыландыру - «Қазақстандағы Кіші Қазан» бағдарламасын жүзеге асырудың құрамдас бөлігі ретінде. Т. XV. Құжаттар мен материалдар жинағы. Құрастырушылар: С.А. Қасымов, А.Т. Сүлейменова, Қ.Қ. Сәрсембина / Жалпы редакциясын басқарған Е.А. Әбіл. – Алматы: «Литера-М», 2025. – 368 б.
	Жинаққа Қазақстандағы 1925–1933 жылдары жүргізілген қазақ шаруашылықтарын күштеп отырықшыландыру науқанының тарихына қатысты архив құжаттары, ғылыми жарияланымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының деректері, әсіресе, көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруашылығын отырықшыландыру тақырыбына қатысты КСРО аумағында қабылданған заңнамалық, нормативтік-құқықтық актілер, БК (б) П Қазақ өлкелік комитетінің, ҚазОАК басшыларының алқалы жиындарда сөйлеген сөздері, баяндамалары, Қазақ ХКК жанындағы Отырықшыландыру жөніндегі комитеттің жұмыс барысындағы хат алмасулары, ұйымдастыру, басқарушылық құжаттарымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланған мақалалар мен хабарламалар да енгізілді. Жинақ тарих, құқық, саясаттану, антропология, экономика және философия салаларының мамандарына, орта және жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, жас ғалымдарға, зерттеушілерге, сондай-ақ тарихқа қызығушылық танытатын қалың оқырман қауымға арналған.